



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

жасауға шамасы жетсе, Ислам заңы бойынша төрт әйел алуға дейін рұқсат етілген. Түріктердің де арасында бірнеше әйел алу салты бар. Алайда бірінші қосылған бәйбішесі ғана заңды әйелі боп табылады да, қалғандары үй қызметшісі ретінде тұрып жатады. Түріктің әйелдері ер азаматтың алдын кесіп өтпейді, басып озбайды, бөтен еркекке өздігінен бірінше болып тіл қатпайды. Түрік ұлтының арасында қанға қанмен жауап беру салты сақталған. Оны түрікше «кангютме» деп атайды. Бұл салт бойынша кешірім беру мүлде жоқ, құн бергенге келіспейді. Алайда кінәлі тарап қыздарын беру арқылы ғана қанды кекке тоқтау сала алады. Қонақжайлылығынан қазақтан кем түспейтін түрік ұлты үйіне келген қонақты жоқ дегенде бір кесе шай ішкізбей жібермейді. Қазақтармен бірге өскен түріктер арасында нан ауыз тию салты да қалыптасқан. Алғыс айту, кешірім сұрау қарапайым түрік ұлтына тән қасиет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Адырна» ұлттық этнографиялық порталы// www.adyrna.kz, (10.02.2018).
2. Аманжолов К. Түркі халықтарының тарихы. – Алматы, 1999, 328 б.
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1-том. – Алматы: Атамұра, 2010.
4. Қазақстан тарихы очерктері. – Алматы, 1994.
5. Қазақтың көне тарихы. – Алматы, 1993.
6. Мусин Ч. Қазақстан тарихы. – Алматы, 2003, 635 б.
7. Салғараұлы Қ. Түрік әлемі. – Астана, 2000, 474 б.

ӘӨЖ 81'366.59:725.94

АРМЯН ЖАЗУЛЫ ҚЫПШАҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ ШАРТТЫ РАЙДЫҢ БЕРІЛУ ЖОЛДАРЫ

Төребекова Сәуле Мақсұтқызы

saule_torebekova@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУТүркітану кафедрасының PhD докторанты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д, профессор Н.Г. Шаймердинова

Қыпшақ тілінде жазылған орта ғасыр жазба ескерткіштері біздің заманымызға келіп жеткен құнды жәдігерліктер болып есептеледі. Бұларды жасауға қазақ этносын құраған тайпалардың белсене араласқаны сөзсіз. Қыпшақ тілі мен қазіргі түркі тілдерінің, соның ішінде қазақ тілінің де өзіндік табиғатын танып, олардың ішкі даму заңдылықтарын ашу барысында тарихи мұраларды оқып-зерттеу – ерекше маңызы бар өзекті мәселе. Осындай маңызды мұралар қатарына Кавказдан бірте-бірте ығысып барып, XVI-XVII ғасырда қазіргі Украина, Молдова, Румыния жерлеріне қоныс теуіп, қауым болып өмір сүрген, христиан дінінің армян-григорян бұтағын ұстанып, қыпшақ тілінде сөйлеген этникалық топ отандық және шетелдік түркітану ғылымында «армян-қыпшақтар» [1;2;3], ал олардың қалдырған жәдігерліктері «армян-қыпшақ жазба ескерткіштері» [4] немесе «армян жазулы қыпшақ ескерткіштері» [5] деп аталып жүргені белгілі.

Бүгінгі мақаламызда армян жазулы қыпшақ ескерткіштері тіліндегі шартты рай формасының берілу жолдарын, семантикалық ерекшеліктерін қарастыратын боламыз. Зерттеу материалдары ретінде А.Н. Гаркавецтің «*Кыпчакское письменное наследие: Т I, Каталог и тексты памятников армянским письмом*» [6] деген атпен жарияланған еңбегінен мысалдар алынады. Мұнда 1519-1628 жылдар аралығында жазылып сақталған 109 қолжазба мен 1618 жылы Львов қаласында қыпшақ тілінде армян жазуымен баспадан басылып шыққан «Алғыш бітікі» – дұғалықтар кітабының мәтіндері транскрипцияланып берілген, акт кітаптарының мазмұндалған каталогы мен мәтін үлгілері көрініс тапқан. Қыпшақ жазба мұраларының екінші томы «*Кыпчакское письменное наследие: Т II, Памятники духовной*

культуры караимов, куманов-половцев и армяно-кыпчаков» [7] деген атпен жарық көрген еңбегінен де мысалдар алынды. Мұнда, негізінен, діни шығармалар латын әрпімен транскрипцияланып, қарайымдардың дұғалықтары қарайым тілінде және орысша аудармасымен берілген.

Шартты рай формалары түркі тілдерінде – *-sa ~ -so ~ -za ~ -zo* аффикстері арқылы жасалады. Шартты рай формаларын салыстырып қарайтын болсақ, башқұрт тілінде өзгешелік байқалады. Онда аталған форма – *-ha, -he* (с, з ~ h) формасында қолданылған. Ал якут тіліндегі *-тар ~ -тор ~ -дар ~ -дор ~ -лар ~ -лор ~ -нар ~ -нор* формасында қолданылуына қарап, оны көне түркі тілдерінде қолданылған *-сар, -сер* формасының фонетикалық варианты деуге болады.

Орхон-Енисей ескерткіші тілінде *-sa, -se* шартты рай формасы *-сар, -сер* түрінде ұшырасады. Мысалы: *олурсар, ерсер, барсар, йаңылсар* және т.б. Ескерткіш тілінде *-сар* формасы жақ қосымшаларын қабылдамайды, яғни жіктелмейді. Мысалы: “*Ол йереру барсар, түрк будун өлтечицен*” – *ол жерге барсаң, түрік халқы өлімиісің* (КТк. 8), “*Бен өзүм қазғанмасар ел йеме, будун йеме ертечі ерті*” – *егер мен өзім жауламасам, елім, халқым жойылар еді* (Тон. 55). Бұл сөйлем құрамындағы *-сар* аффиксінің қазіргі тілдегі формадан айырмашылығы ешбір жақ қосымшасын қабылдамаған, яғни жіктелмеген, тәуелдік жалғауларын қабылдамаған.

Көне түркі тіліндегі *-сар* шартты рай формасы Қарахан, Хорезм, Алтын орда, Мәмлүк дәуірі ескерткіштерінде *-sa, -se* формасымен беріліп, жақ жалғауы жалғануы арқылы жасалады. Орта ғасыр ескерткіштеріндегі *-sa, -se* шартты рай формасының *-p*-сіз қолданылғандығы жөнінде М.Томанов былай дейді: «Шартты рай тұлғасына жақ жалғауларының қосылуы оның құрамында *-p* элементі түсіп қалғаннан кейін болса керек... Көне түркілік *-сар* аффиксінің *-p* элементі түсіп қалу кезеңін дәл айту, әрине қиын. Орта ғасыр жазбаларында тек қана *-sa* күйінде кездессе, V-VIII ғасыр жазбаларында тек қана *-сар*. Алайда «Алтын яруқ» (X ғ.) тілінде *-sa, -сар* формалары жарыспалы қолданылады» [8, 108 б.]. Мұндай пікірді С.Е. Малов та көрсетеді [9, 318 б.]. Бұған қарағанда, *-сар* формасының қысқарып, қазіргідей ықшамдалуы оның мән-мағынасының саралануымен байланысты. Бұл үрдістің екінші бір қыры – шартты рай формасының жіктік жалғауларын қабылдауы.

Талданып отырған армян жазулы қыпшақ ескерткіші тілінде шартты рай формасы етістіктің жалаң және туынды негіздеріне *-sa, -se* формалары жалғану арқылы жасалады. Ескерткіште *-sa, -сә* шартты рай формасы бірінші, екінші жағына жіктік жалғауы жалғану арқылы жасалса, үшінші жақта жіктік жалғауы жалғанбайды.

I жақ жекеше түрі-сам, -сәм формаларымен жасалып, «*хақан, хақан ki, egär, egär ki, хaysi, хайда, ne*» сияқты шарттық жалғаулықтармен қосылып мезгіл мәнін білдіреді. Мысалы:

хақан < “*хақан alsam artarniñ canin ol sahat sezär haybatin da hörmätin kendiniñ*” (529 б.);

хақан ki > “*хақан kikötürülsäm yerdän barčasin salirmen artımdan*” (II, 277 б.);

egär < “*egär kendi boyumnu ayasam žanım benim tažlanmas köktägi padšahdan*” (144 б.);

egär ki < “*egär ki men хайуртсам sizni da kim bolgay ki sövündürgäy meni*” (472 б.), “*egär ki tenim bilä ayri esäm yoħsa žanım bilä yovuxmen*” (462 б.);

хaysi < “*хaysi күн sarnasam saña tezindän işit maña*” (74 б.);

хайда < “*хайда körgüzsäm añar хутхармахin теҗриниñ*” (822 б.);

ne < “*ne күн sarnasam alniña seniñ tezindän işit maña*” (792 б.); “*ne faydadır saña ханимдан benim egär ensäm men buzuxluxka*” (317 б.);

ne хадар < “*ne хадар fikir etsäm nedir теҗри dayi añlama bolmam*” (II, 325).

II жақ жекеше түрі-саң, -сәң шартты рай формаларымен жасалып, сөйлемде «*egär, egär ki, хақан, хақан ki, ne ki, negä deg, ne хадар, ne*» жалғаулықтармен қатар келеді. Мысалы: “*ol zaman sarnasañ теҗри işitir saña*” (II, 634 б.), “*bolsun ertä bolsun kečä ya ne vaħt ki klüsäñ ayt*” (128 б.);

egär < “*egär yaman etsäñ хорхkin zera dügül ki boş baylaptır хиличni belinä*” (456 б.);

egär ki < “*zera egär ki хатun alsañ yazıħ dügüldür*” (463 б.), “*egär kiaytsañ yazilgandür*” (II,

228 б.);

xačan < “*xačankelsän* *xañlixiñ bilä seniñ da yarliğa bizgä*” (105 б.);

xačanki < “*xačankiöčäšläsän añgin yarliamañiñ üsnä seniñ*” (II, 168 б.);

ne xadar < “*ne xadaryixilsan tur ne xadar yazixlansan xosdovanel bol*” (531 б.);

ne ki < “*ne ki bolursen bermä bersän ber yiraçka salma*” (II, 177 б.);

negä deg < “*negä degenmäsän ne xadar ašaç ensän ol xadar dayi yaçši*” (II, 622 б.);

ne < “*ne bilirsən xatun sen egär eriñni seniñ xutxarsan*” (463 б.).

III жақ жекеше түрі-*ca*, -*cə* шартты рай формаларымен жасалып, сөйлемде «*kim ki, kim, ne ki, nečä, ne türlü, egär, egär ki, xačan, çaysin, çayda*» жалғаулықтармен қосылып келеді. Мысалы:

kim ki < “*kim ki kendiniñ atasin-anasin tövsä, aniñkibik oçšašsöz da yazixli yaman etkän Teñriniñ alniña ölümlüdür yasaganına körä Eski Töräniñ*” (94 б.);

egär < “*egär buya buyani öldürsä ya ögüz ögüzni, kimesäniñ dä buya albo ögüz tiri çalsa, satılmaç keräk da aniñki ögüz üçün ya buya üçün tölvün almaç keräk*” (100 б.);

da egär < “*da egär eyäsi bilsä ögüzniñ xiliñin da kimesäni urup naçis etsä, eyäsi borçludur naçis etkängä tölämägä ziyanin da hakim bahasin*” (99 б.);

egär ki < “*egär ki ögüz öldürsä inäkni, ya özgä tuvar çarani müñüzlü, albo çoyni, da eyäsi bilmägäy tuvariniñ xiliñin, ol çayta keräk tölägäy öldürgän tuvariniñ yarim bahasin* (101 б.);

aegär ki < “*a egärki oylanlixiña ursa atasin-anasin, ani abramaç keräk*” (94 б.); “*a egär ki aniñkibik tuvar kiçkinä bolsa, nemä tölämäç keräkmäs*” (101 б.);

xačan < “*xačan eki kiši uruša sayıtlar bilä da biri birsin yaralasa da yaralı ol yaralardan ölmäsä*” (718 б.);

xačan ki < “*xačan ki çixarsa çara çuškinaların kendiniñ*” (II, 259 б.);

kim < “*kim ölüm küniñ esinä saçlasa ol adam damâh bolmas bu dünyâda*” (173 б.), “*kim kimgä çuyur çazsa kendi tüšär*” (687 б.);

ne < “*ne türlü alarga körünsä ol türlü etkäylär*” (694 б.);

ne ki < “*adam oylu ne ki yaçši xilinsa teñriniñ alniña körär*” (173 б.);

nečä < “*nečä köp bolsa anča igidir*” (689 б.);

çaysi < “*çaysiniñ mülkünä çazna tapulsa, ol çaznadan 10-unçi ülüšü berilmäç keräk xañliçka*” (88 б.).

I жақ көпше түрі. Шартты райдың бірінші жақ көпше түрі армян жазулы қыпшақ ескерткіші тілінде -*caç*, -*cəç* аффиксімен жасалады. «Төре бітігі» ескерткішінде бірнеше мысалдарда -*caç*, -*cəç* (-*sak*, -*säk*) формалары да кездеседі. Осы мысалдарда ол «*neçik ki, egär ki, egär, ne xadar, ki, xačan*» сияқты жалғаулықтармен бірге қолданылады. Мысалы: 1. “*xačan ki bu dünyâ blä eglänsäç*” (II, 633 б.); 2. “*egär kixayçursaç siziñ övünmäxiñiz üçün da xutxarılmaçxiñiz üçün da egär kiövünsäç siziñ övünmäxiñiz üçün*” (471 б.); 3. “*neçik kiišitsäç adamniñ yaçši xilinganiñ teñrigä*” (145 б.); 4. “*bilirbiz ki ne xadarkeçiksäç ten içinä bunda yatlanırbiz eyämizdän*” (474 б.); 5. “*hälbät kläsäk yarıunu toyru etmägä vaçtında unutup yañilırbiz*” (680 б.); 6. “*egärtirilsäç teñrigä tiribiz da egärölsäç teñrigä ölärbiz*” (456 б.);

II жақ көпше түрі-*cañız*, -*cəñiza* аффикстері арқылы жасалып, сөйлемдерде «*egär, egär ki, ki, xačan, çaysi, çaysin, ne ki*» сияқты жалғаулықтармен бірге қосылып шарт мәнін білдіреді. Мысалы: 1. “*ne kiaytsañiz yüräkiñizdä siziñ*” (375 б.); 2. “*çaysin kiçešsäniz yerdä çešövlü bolsun köktä*” (135 б.); 3. “*ne ki dä etsäniz söz bilä da iş bilä*” (493 б.); 4. “*da kläsä ki yänä huvatlansañiz*” (137 б.); 5. “*bügün egär avaziña aniñ işitsäniz berkäytmäñiz yüräkiñizni siziñ*” (843 б.); 6. “*çaysi övgä kirsäniz aytiñiz eminlik bu övgä*” (II, 320 б.); 7. “*ol çanni da xaçantapsañiz maña çabär etiniz*” (270 б.); 8. “*xačan ki oruč etsäniz bolmañiz...*” (II, 630 б.); 9. “*egär kisünätlänsäniz k’risdos sizgä nemä bolušmas*” (482 б.); 10. “*egär yesäniz egär içsäniz egär ki ne dä etsäniz barça nemäni hörmätinä teñriniñ etiñiz*” (466 б.).

III жақ көпше түрі. Ескерткіште шартты райдың үшінші жақ көпше түрі -*ca*, -*cə* аффиксінен кейін -*lar*, -*lärkөptik* жалғауы жалғануы арқылы жасалады. Сөйлемде «*egär, egär ki, xačan, ne, nečä*» сияқты шарттық жалғаулықтармен қосылып, шарт мағынасын білдіреді. Мысалы: 1. “*egär kiaytsalar çarä yoçtur ant içmiyin*” (691 б.); 2. “*xačankelsälär*

yaryuga da yaryuçi buyursa könülük üçün ant” (691 б.); 3. “*egär yemişli teräkni tusnahta bolganda kessälär*” (724 б.); 4. “*egär klämäsälär kristân bolma aniñkibik iştân erki bar biyiniñ alarnı satmaga*” (716 б.); 5. “*egär ki yaryuga kelgänlär talaş etsälär çoymagaylar biri birinä tüşmägä*” (686 б.); 6. “*egär ki ani tapsalar aniñkibik kişi ölümlüdür çaysi ki öldürdü*” (730 б.); 7. “*egär ki oylanlar aralarına uruş etsälär*” (712 б.); 8. “*ulu biylärdän kiçi biylärgä nema yebersälär*” (701 б.).

Армян жазулы қыпшақ ескерткіші тіліндегі шартты рай формасының беретін мағыналары қазіргі әдеби тілімізден алшақтап кетпеген. Ескерткіштегі контекстке байланысты шартты райдың беретін мағыналарын мынадай топтарға бөлуге болады:

1) Амал-әрекеттің орындалу-орындалмауын, я да басқа бір амалдың я істің жүзеге асу-аспау шартын білдіреді. Мысалы: 1. “*kim ki bolvanlarga yaman aytsa ölümlü bolgay*” (678 б.) – Кімде-кім ақымақтарға жаман (сөз) айтса, өлімді болғай; 2. “*kim kingä çuyur çazsa kendi tüşär*” (687 б.) – Кімде-кім шұңқыр қазса, өзі түсер; 3. “*egär ki könülük bolmasa көп adam esi bilä yazıçka tüşär*” (685 б.) – Егер де ақиқат (шындық) болмаса, көп адам есімен күнәға батар; 4. “*adam oylu ne ki yaçşı çilinsa Teñriniñ alnına körär*” (173 б.) – Адам баласы қандай да жақсылық жасаса, Тәңірдің алдында көрер; 5. “*kim ölüm күнүн esinä saçlasa ol adam damâh bolmas bu dünyâda*” (173 б.) – Кімде-кім өлім күнін есінде сақтаса, ол адам бұл дүниеде ашкөз болмас; 6. “*kimniñ yazıçı artıç bolsa ol bersär cuapın*” (684 б.) – Кімнің күнәсі көп болса, ол жауабын береді.

Бұл сөйлемдерде шартты рай формасы формасы сабақтас құрмалас сөйлемнің бағыныңқы сөйлемдерінің баяндауышы қызметінде жұмсалып, екінші бір істің, қимылдың орындалу, орындалмауына шарт ретінде айтылып тұр.

2) Амал-әрекеттің орындалуын, я да басқа бір амалдың я істің жүзеге асу шартын білдіреді: “*kim ki kendiniñ atasın-anasın tövsä, aniñkibik oçşaşsız da yazıçlı yaman etkän Teñriniñ alnına ölümlüdür yasaganına körä Eski Töräniñ*” (94 б.). – Кім өзінің атасын, анасын (ата-анасын) ұрса, Тәңірінің алдында ойға сыймайтын және жаман жазықты жасағаны үшін Ескі Төре бойынша өлімге кесіледі;

3) *-ca, -cä* шартты рай формасы *edi* көмекші етістігімен тіркесіп, қалау мәнін білдереді. Көбінесе өткен шақ пен келер шақтағы жүзеге аспай қалған ой-арман, үміт, тілек, өкініш мазмұнында айтылған іс-әрекеттерді білдіреді.

а) ескерткіште *-caedu* формасы өкініш мағынасын білдіреді: “*Adäm atamız da Jewa anamız teñriniñ buyruçun saçlasalar edi, tüşmäslär edi ol haybattan*” (173 б.) – Адам атамыз бен Ева анамыз Тәңірдің бұйрығын сақтағанда, ол ғайбаттан түспес еді);

ә) күрделі *-ca edi* форманты амалға тек арман мәнін үстейді, бірақ оның орындалуы я орындалмауы жөнінде ешқандай мәлімет білдірмейді. Мысалы: “*bersä edi maña kimsä çanat neçik күгүрçиннің ki uçur biyikläniп yıraçlanıп turgü edim anabadda*” (824 б.) – Біреу маған көгершіннің қанатын берген болса, ұшып, биіктеніп, жырақтанып тұрғай едім түзде (сахарада);

б) қимыл-іс әрекеттің іс жүзіне асуын білдіреді: “*egär ki aytsam edi, da ki: «Bulay aytüyim» ošta džins oylanlarıñniñ seniñ, çaysılarına da ant ettim*” (832 б.) – Егер айтатын болсам, былай айтайын, мына сенің ұлдарыңның тұқымына, қайсысаларына да ант еттім;

в) іс-әрекеттің болжалды-қарсылықты мәнін білдерді: 1) “*egär ki bunu etsäm edi akahlıktän menim, saña da yaman priklad berir edim*” (II, 344 б.) – Егер де мұны сараңдығымнан жасағанымда, саған да жаман үлгі берер едім; 2) “*çıraç bilä dä izdäsälär edi meni tapmaslar edi*” (119 б.) – Мені шаммен іздесе де, таппас еді;

г) іс-әрекеттің болжалды-шартты мәнін білдіреді: 1) “*egär ki friştälär enmäsälär edi köktän da ögüt bermäsälär edi*” (II, 230 б.) – Егер періштелер түспегенде, көктен де үгіт бермес еді; 2) “*suçlanmaçni tanımas edim egär orenk’ bilä aytilmasa edi*” (450 б.) – Егер заңмен айтылмағанда, әуестікті танымас едім; 3) “*egär ki çaräsiz iş bolsa edi törä çoymas edi*” (691 б.) – Егер қолайсыз іс (жұмыс) болғанда, төре қоймас еді; 4) “*biliklik bolsa edi bolur edik sınap u tañlap zämanäsiniä körä*” (679 б.) – Білім болғанда, заманына қарай таңдап не сынап болар едік.

5) Құрмалас сөйлемнің компоненттерін байланыстыруда шартты рай формасы шартты,

қарсылықты, салыстырмалы, мезгіл бағыныңқыларды жасауға қатысады. Төмендегі сөйлемдерде шартты рай жұрнағы “*хаҗан, хаҗан ки, хауда, хауси, хауси күн, егәр, егәр ки, ким, кимсә, ким ки, не ки, не күн, не вахт, ол заман*” сияқты байланыстырушы компоненттермен бірге қолданылуы, есімшенің жатыс жалғаулы түріне аяқталған бағыныңқы компоненттердің мағыналарымен байланысты болғандығын көрсетеді: Мысалы: 1. “*хаҗан alsam artarniñ žaniñ ol sahat sezär haybatin da hörmätin kendiniñ*” (529 б.) – Адал (дұрыс) адамның жанын алғанымда, ол өзінің құрметін және қадір-қасиетін сезеді (түсінеді); 2. “*хауда törä u köñülük bolsa eminlik artıxtır ol ulusta*” (683 б.) – Заң мен әділеттілік болғанда (болған кезде), бұл қоғамда сенімділік көп; 3. “*хаҗан kelsäñ ханлихiñ bilä seniñ da yarliya bizgä*” (105 б.) – Билеуші болып келгенінде бізге мейірімді бол (бізді жарылқа)!; 4. “*хауси övgä kirsäñiz aytñiz eminlik bu övgä*” (II, 320 б.) – “Бір үйге кіргеніңізде ол үйге сенімдік айтыңыз (тілеңіз)”; 5. “*хаусин ки češsäñiz yerdä češövlü bolsun köktä*” (135 б.) – “Жерде шешкеніңізде, көкте де шешілген болсын!”; 6. “*ол ханни да хаҗан tapsañiz таңа хабәр етиниз*” (270 б.) – “Ол билеушіні тапқаныңызда маған хабар беріңіз!”; 7. “*егәр tirilsäx teñrigä tiribiz da egär ölsäx teñrigä ölärbiz*” (456 б.) – “Тірілгенімізде Тәңірі үшін тіріміз, өлгенімізде Тәңірі үшін өлерміз”; 8. “*adam oylu ne ki yaхši хiünsa teñriniñ alniña körär*” (173 б.) – “Адамбаласы (адамзат) жақсылық жасағанында, алдында Тәңірді көрер”; 9. “*ол заман sarnasañ teñri iştir saña*” (II, 634) – “Шақырғаныңда (сарнағаныңда) Тәңірі сені есітер”.

Қорыта келгенде, армян жазулы қыпшақ ескерткіші тілінде шартты рай формасы кимылдың, іс-әрекеттің болу-болмау, іске асу-аспау мүмкіндігінің шартын білдіреді. Көне түркі тіліндегі *-сар* шартты рай формасы армян жазулы қыпшақ ескерткіштері тілінде *-са, -сә* формасымен беріліп, жақ жалғауы жалғануы арқылы жасалады. Сондай-ақ *-са, -сә* шартты рай формалары өткен шақ пен келер шақтағы жүзеге аспай қалған ой-арман, үміт, тілек, өкініш мазмұнында айтылған іс-әрекеттерді де білдіреді. Мұның өзі ескерткіш тіліндегі *-са, -сә* формасының семантикалық мүмкіншілігінің мол екендігін көрсетеді.

Список использованных источников:

1. Абдуллин И.А. Армяно-кыпчакские рукописи и их отношение к диалектам татарского языка // Материалы по татарской диалектологии. – Казань, 1974. – Вып. 3. – С. 166-185.
2. Дашкевич Я.Р. Армяно-кыпчакский язык: этапы истории // Вопросы языкознания, № 1. – Москва: Изд. «Наука», 1983. – С. 91-107.
3. Шаймердинова, С.А. Ярыгин, Т. Молдабай, С.М. Торебекова және т.б. Қыпшақтар: тарих және тіл (армян-кыпшақ ескерткіштері негізінде). – Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2014, 228 б.
4. Гаркавец А.Н. Армяно-кыпчакские письменные памятники XVI-XVII вв. // Средневековый Восток. – Москва, 1980, С. 81-90.
5. Құдасов С.Ж. Армян жазулы қыпшақ ескерткіші «Дана Хикар сөзінің» тілі. – Алматы: Ғылым, 1990, 120 б.
6. Гаркавец А.Н. Кыпчакское письменное наследие: Каталог и тексты памятников армянским письмом. Т. I. – Алматы: Дешт-и-Кыпчак, 2002.
7. Гаркавец А.Н. Кыпчакское письменное наследие: Памятники духовной культуры караимов, куманов-половцев и армяно-кыпчаков. Т. II. – Алматы: KASEAN; БАУР, 2007.
8. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматиксы. – Алматы: Мектеп, 1981, 206 б.
9. Малов С.Е. Памятники древнетюркских письменности. – Москва, 1951, 452 с.